



**БҰЙРЫҚ**

«31» 08 2023 ж.

Қызылорда қаласы

**Мектеп-интернатта  
педагогикалық-психологиялық  
қолдап отыру туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқушының немесе сыныптағы оқушылардың оқуы және мінез-құлқындағы ауытқулардың себептері мен ерекшеліктерін анықтау және олардың ауытқуларына түзету мен тәрбиелік шаралар бағдарламасын жасау, қиын және конфликтілік жағдайларды шешуге кеңесу үшін педагогикалық-психологиялық қолдау қызметі құрылсын.

2. Педагогикалық-психологиялық қолдап отыру комиссиясы төмендегі құрамда құрылсын:

**Комиссия төрайымы:**

Ж.Илиясова – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.

**Мүшелері:**


1. Б.Алменбетова – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
2. А.Елдесбаева – педагог-психолог;
3. Сынып жетекшілері (ұсынылған тәрбиеленушіге сәйкес);
4. А.Даубаева – педагог-логопед;
5. С.Кырданова – педагог-дефектолог;
6. Н.Нурпеисов – психиатр-дәрігер;
7. А.Кайранбаева – педиатр-дәрігер;
8. Ж.Калмаханова – әлеуметтік-педагог;
9. А.Туйменова – аяжан.

3. Мектеп-интернаттың педагогикалық-психологиялық қолдау қызметі жоспарын жасау және ұйымдастыру директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Илиясова жүктелсін.

Мектеп-интернат директоры

П.Жуматова

Таңыстырылды:

 А.Елдесбаева

 Ж.Калмаханова

 С.Кырданова

 А.Алменбетова

 А.Туйменова

 Н.Нурпеисов

 Ж.Илиясова

 А.Кайранбаева

«Бекітемін»  
Мектеп-интернат директоры  
Жуматова П.А.  
«31» 08 2023ж



**2023-2024 оқу жылына арналған  
Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі отырыстарының жоспары**

### Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі отырысының мақсаты:

- ✓ Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен мінез-құлығында қиындықтары бар балаларға олардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім беру мен дамыту үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ететін білім беру жүйесін қолдау.

### Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі отырысының міндеттері:

- Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды оқытуда кездесетін қиындықтардың сипаты мен себептерін анықтау, Брейн-Старлинг әдісін пайдалану;
- Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға ұсыну үшін оқушының дамуы мен білім алу ерекшеліктері (оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі) туралы қорытынды жасау;
- Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының әрекетін үйлестіруді қамтамасыз ету, топтық жұмыстың тиімділігін арттыру, командалық коучинг;
- Диагностикалық-консультациялық және түзете-дамыту жұмысының нәтижелерін талдау және әдістемелік қолдау;
- Ата-аналарға, мектеп мұғалімдеріне кеңес беру, ұсыныстар әзірлеу.

№	Іс-шаралар	Орындау мерзімдері	Жауаптылар	Есеп беру нысандары
1	<b>Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің №1 отырысы</b> <ul style="list-style-type: none"><li>- Мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттарын бекіту (ППҚҚ құру туралы бұйрық, ППҚҚ жұмысының жоспары);</li><li>- Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың ПМПК қорытындыларымен танысу және ПМПК қорытындысына сәйкес жеке оқу жоспарларын бекіту;</li></ul>	Қыркүйек	Мектеп директоры ППҚҚ төрайымы Арнайы педагог Педагог-логопед Педагог-психолог Сынып жетекшілер ППҚҚ хатшысы, фасилитатор	ППҚҚ құру туралы бұйрық; ППҚҚ жылдық жұмыс жоспары; ППҚҚ отырыстарының жоспары; ПМПК қорытындылары; Жеке оқу жоспары; ППҚҚ отырысының хаттамасы
2	<b>Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің №2 отырысы</b> <ul style="list-style-type: none"><li>- Бірінші тоқсан бойынша ерекше білім беру</li></ul>	Қазан	ППҚҚ төрайымы Арнайы педагог	Жеке және бейімделген жалпы білім беру бағдарламалары бойынша мониторинг (Жетістіктерін белгілеу);

	<p>қажет ететін білім алушылардың даму динамикасына мониторинг жасау, негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін бағалау;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ЕББҚ бар білім алушыларға БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын саралау;</li> </ul>		<p>Педагог-логопед Педагог-психолог Сынып жектекшілер Пән мұғалімдері</p>	<p>2-тоқсанға арналған бейімделген жалпы білім беру бағдарламалары; ППҚҚ отырысының хаттамасы</p>
3	<p><b>Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің №3 отырысы</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Бірінші жартыжылдық бойынша ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың даму динамикасына мониторинг жасау, негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін бағалау;</li> </ul>	Желтоқсан	<p>ППҚҚ төрайымы Арнайы педагог Педагог-логопед Педагог-психолог Сынып жектекшілер Пән мұғалімдері</p>	<p>Жеке және бейімделген жалпы білім беру бағдарламалары бойынша мониторинг (Жетістіктерін белгілеу); Жеке оқу бағдарламалары; Бейімделген жалпы білім беру бағдарламалары; ППҚҚ отырысының хаттамасы.</p>
4	<p><b>Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің №4 отырысы</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Үшінші тоқсан бойынша ерекше білім беру қажет ететін білім алушылардың даму динамикасына мониторинг жасау, негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін бағалау;</li> </ul>	Наурыз	ППҚҚ мамандары	<p>Жеке және бейімделген жалпы білім беру бағдарламалары бойынша мониторинг (Жетістіктерін белгілеу); ППҚҚ отырысының хаттамасы.</p>
5	<p><b>Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің қорытынды отырысы</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Ағымдағы оқу жылы бойынша ЕББҚ бар білім алушылардың даму динамикасын бағалау;</li> <li>- Оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін бағалау;</li> <li>- ПМПК жіберілетін оқушылар тізімін анықтау;</li> <li>- ППҚҚ жылдық жұмысын қорытындылау;</li> </ul>	Мамыр	<p>ППҚҚ төрайымы Арнайы педагог Педагог-логопед Педагог-психолог Сынып жектекшілер Пән мұғалімдері</p>	<p>Жеке және бейімделген жалпы білім беру бағдарламалары бойынша мониторинг (Жетістіктерін белгілеу); ППҚҚ жылдық рефлексиялық есебі; ППҚҚ отырысының хаттамасы.</p>

«Бекітемін»  
№ 7 арнайы түзету мектеп-интернат  
директоры П.А.Жуматова  
«28» тамыз 2023 жыл

### **Қолдау қызметі мақсаты**

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар, әлеуметтік және педагогикалық қауіп тобындағы балалар мен жасөспірімдер, оқыту мен мінез-құлығында қиындықтары бар балаларға олардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім беру мен дамыту үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ететін білім беру жүйесін қолдау

### **Қолдау қызметі міндеттері**

1. диагностикалық-консультациялық және түзете-дамыту жұмысының нәтижелерін талдау барысында іске асырылатын әдістемелік қолдау;
2. балалардың оқуы мен тәртібіндегі қиындықтардың сипаты мен себептерін анықтау;
3. баланың әлеуетті мүмкіндіктері мен шығармашылық қабілеттерін анықтау, оқыту мен тәрбиелеу процесінде жеке ықпалды қамтамасыз ету үшін тәрбиешіге/мұғалімге ұсыныстарды әзірлеу;
4. ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды сәйкес топтар/сыныптарға қосу жолдарын анықтау;
5. психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға ұсыну үшін оқушының дамуы, денсаулығы мен білім алу ерекшеліктері туралы қорытынды жасау;
6. балаларды кешенді психологиялық-педагогикалық қолдауда мамандар әрекетін ішкі үйлестіруді қамтамасыз ету;
7. ата-аналар, қорғаншы мен қамқоршыларға консультациялық көмек көрсету;

**Психологиялық-педагогикалық Қолдау қызметі  
жұмысының жылдық жоспары**

P/c	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	Психологиялық-педагогикалық Қолдау қызметінің №1 отырысы Күн тәртібінде 1. Психологиялық-педагогикалық Қолдау қызметінің құрамын бекіту, мақсаты, міндеттері, бағыттары және оны жүзеге асыру формалары. 2. Мектепке қабылданған оқушылармен бастапқы диагностикалық жұмыстар	Қыркүйек	Психологиялық-педагогикалық Қолдау қызметінің Мүшелері  Педагог-психолог сынып жетекшілері
2	Психологиялық-педагогикалық Қолдау қызметінің №2 отырысы Күн тәртібінде 1. 1 сынып оқушыларының жеке тұлғалық ерекшеліктерін, психофизиологиялық дамуын, мінез-құлқымен үлгіріміне талдау жасау (диагностикалық мәліметтерді жинақтау)	Желтоқсан	Психологиялық-педагогикалық Қолдау қызметінің Мүшелері, сынып жетекшілері
3	Психологиялық-педагогикалық Қолдау қызметінің №3 отырысы Күн тәртібінде 1. 5 сынып оқушыларының жеке тұлғалық ерекшеліктерін, психофизиологиялық дамуын, мінез-құлқымен үлгірімін талдау	Наурыз	Психологиялық-педагогикалық Қолдау қызметінің Мүшелері, сынып жетекшілері
4	Психологиялық-педагогикалық Қолдау қызметінің №4 отырысы Күн тәртібінде 1. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған оқушылармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмыстарының тиімділігін талқылау 2. 2024-2025 оқу жылына Психологиялық-педагогикалық Қолдау қызметінің жоспарын жасау	Мамыр	Психологиялық-педагогикалық Қолдау қызметінің мүшелері, логопед, дефектолог.

**№7 арнайы түзету мектеп интернаты бойынша  
Педагогикалық-психологиялық қолдау хаттамасы**

**Қатысуға тиісті -10**

**Қатысқаны – 10**

**15.09. 2023 ж**

**Күн тәртібінде**

1. Психологиялық-педагогикалық Қолдау қызметінің құрамын бекіту, мақсаты, міндеттері, бағыттары және оны жүзеге асыру формалары.
2. Мектепке қабылданған оқушылармен бастапқы диагностикалық жұмыстар.

**Тыңдалды:**

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз мектеп интернат директоры П.Жуматоваға берілді:** Ол өз сөзінде 2023-2024 оқу жылындағы мектеп-интернаттағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құрамын таныстырып, отырысты ашты. Оқушының немесе сыныптағы оқушылардың оқуы және мінез-құлқындағы ауытқулардың себептері мен ерекшеліктерін анықтау, олардың ауытқуларына түзету мен тәрбиелік шаралар бағдарламасын жасау, қиын және конфликтілік жағдайларды шешуге кеңесу үшін психологиялық-педагогикалық қолдап отыру комиссиясы төмендегі құрамда құрылды: Илиясова Жайдар – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия төрайымы; Мүшелері:

1. Алменбетова Бейбит - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
2. А.Елдесбаева - педагог-психолог;
3. Сынып жетекшілері (ұсынылған тәрбиеленушіге сәйкес);
4. Даубаева Айнұр – педагог-логопед;
5. Қырданова Салтанат – педагог-дефектолог;
6. Нүрпейісов Нұрлан – дәрігер-психиатр;
7. Қайранбаева Айжан – дәрігер-педиатр
8. Қалмаханова Жанар – әлеуметтік педагог;
9. Туйменова Айгүл - аяжан

**Сөйледі:** ППҚҚ төрайымы Илиясова Жайдар Икрамовна 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығымен таныстырып өтті.

Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау отыруды қамтамасыз ету екі кезеңнен тұрады:

**Бірінші кезең:**

Жалпы білім беру ұйымының басшысы психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды ұйымдастыру туралы ережені шығарады және бекітеді, психологиялық-педагогикалық қолдап отыру жөніндегі мамандардың құрамы мен міндеттерін бекітеді, педагогтер мен мамандардың кәсіби өсуі үшін пәнаралық негізіне жағдай жасайды.

Білім беру ұйымы басшысының орынбасарлары білім алушылардың білім беру

қажеттіліктерін бағалау процесін ұйымдастырады, білім беру қажеттіліктерін бағалау кезеңінде және тәрбиеленушілерді/білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдап отыру процесінде тәрбиешілер/педагогтер, мамандар және ата-аналардың өзара іс-қимылын реттейді, психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды жүзеге асыратын мамандардың құжаттамасын жинау мен қалыптастыруды бақылау.

Сынып жетекшілері пән мұғалімдері мен ата-аналардың өзара іс-қимылын ұйымдастырады, білім беру ұйымының әлеуметтік педагогтерімен бірлесе отырып баланың дамуының әлеуметтік жағдайын зерттейді, сабақ уақытында және сабақтан тыс уақытта қолайлы эмоционалдық-психологиялық климатқа жағдай жасайды. Білім беру ұйымының тәрбиешілері білім алушылардың оқу бағдарламаларын меңгеруінде қиындықтарды анықтау мақсатында оқу жетістіктерін бақылайды, кәсіптік этиканы және ерекше білім беруге қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) жеке ерекшеліктеріне байланысты құпиялылықты сақтайды, қажет болған жағдайда білім беру ұйымының психологтарынан, әлеуметтік педагогтерден немесе арнайы педагогтерден кеңес алады.

Екінші кезең:

Білім беру қажеттіліктерін бағалау немесе ПМПК ұсынымы негізінде білім беру ұйымының басшысы ерекше білім беруге қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) психологиялық-педагогикалық қолдап отырудың жеке бағдарламаларын, оның ішінде жеке оқу жоспарларын, жеке/бейімделген білім беру бағдарламаларын, мамандардың жеке дамыту бағдарламаларын, ерекше қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) тізімін бекітеді.

Білім беру ұйымы басшысының орынбасарлары психологиялық-педагогикалық қолдап отыру процесін ұйымдастырады және бақылайды, ерекше білім беруге қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) психологиялық-педагогикалық қолдап отыру жеке бағдарламасын жасауға, қолдап отырудың нәтижелерін, тәрбиеленушінің даму динамикасын, оқушының жетістіктерін талқылауда қатысады, мүмкіндігі шектеулі оқушыларды/білім алушыларды сабақтан тыс және бос уақытындағы іс-шараларға қосады, ерекше білім беруге қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) жеке қолдау процесінің тиімділігін арттыру мақсатында білім беру ұйымында педагог-ассистенттерді ротациялауды жүзеге асырылатының және ППҚҚ мақсаты мен міндеттері жайлы айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша сөз ППҚҚ мүшесі, педагог-психолог А.Елдесбаеваға берілді.

Ол өз сөзінде биылғы оқу жылында мектеп-интернатқа 18 оқушы қабылданғанын. Мектеп-интернатқа оқушылар қабылданған күнінен бастап 2 апта мерзім оқушыны диагностикалау бағыты бойынша жұмыс жасауға арналады. Диагностикалау жұмыстары: ауызша, жазбаша, дидиктикалық материалдар, суретпен жұмыс және таратпа карточкалары, бланктар арқылы жүргізіледі.

Диагностикалау негізінде «Оқушыны алғашқы бақылау, интеллектуалды деңгейін анықтау картасы» баланың деңгейі анықталып толтырылады.

Биылғы оқу жылында қабылданған 1 сынып бойынша «Оқушының мектепке психологиялық дайындығын зерттеу» Керн-Ийерасектің әдістемесі алынды.

Зерттеу жұмысының қорытындысы бойынша:

1 «а» сыныбы 3 оқушы қатысты.

1-орта ұпай; 2-ортадан төмен ұпай.

1 «б» сыныбы 2 оқушы

2 оқушы төмен деңгей көрсетті. Әдістеме алу барысында оқушылардың таным процестерінің дамуында, тапсырманы түсіну, қаламды ұстау дағдысында қалыстық бар екенін көрсетті.